

**Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
6D020500 – «Филология» мамандығының докторанты**

**Қасқатаева Жанар Алданышқызының**

**«Түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі ортақ және ұлттық ерекшеліктер (қазақ, неміс, ағылшын тілдерінің материалдары негізінде)» атты филология ғылымдарының Ph.D. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы туралы**

### **ПІКІР**

Соңғы жылдары еліміздегі тіл саясатына сәйкес және ұлтаралық қатынастар үйлесімділігін, халықтар достығы мен бірлігін нығайтуда егеменді еліміз бар күш жігерін салуда, сондықтан қазақ тілін басқа тілдермен салыстыра-салғастыра зерттеу мәселесі де тіл білімінде кеңінен өркен жаюда. Туыс емес үш тілдегі (қазақ-неміс-ағылшын) құрамында түр-түс атаулары бар лексикалық топтарды жинастырып, лексика-семантикалық өрісі тұрғысынан талдап, сипаттамау әлі де болса жан-жақты зерттеліп қолға алынған жоқ. Түр-түстің беретін мағынасын жан-жақты меңгеру мәдени және ұлтаралық коммуникацияда маңызды мәселелердің біріне жатады. Сол себепті ұсынылып отырған зерттеу жұмысы тіл біліміндегі маңызды тақырыптардың бірі болып саналады.

Соңғы жылдары тілді жаңа ғасыр талабына сай теориялық-танымдық үдерісте зерттеу қолға алынды. Тіл-тілдегі аталымдардың жасалуындағы сананың, ойлау мен танымның қызметі кешенді қарастырылуда. Әртүрлі тілдердегі түр-түс атауларының қызметін лексика-семантикалық, танымдық тұрғыдан зерттеген біраз тілші ғалымдардың еңбектері бар. Ал қазақ-неміс-ағылшын тілдеріндегі түр-түс атауларын салыстыра/салғастыра кешенді зерттеу мәселесі әлі де жете қарастырылған жоқ. Сондықтан ғаламның тілдік бейнесін жасауда әрбір халық болмысында әмбебап категория болып саналатын ұлттық таңбалар, оның ішінде түр-түстік таңбалар табиғатын тіл арқылы ашып түсіндіру осы мәселе төңірегіндегі зерттеулердің жалғасы деуге болады.

Диссертант Жанар Қасқатаева «Түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі ортақ және ұлттық ерекшеліктер (қазақ, неміс, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» деген тақырып бойынша көп ізденді. Тақырыпты толық ашу мақсатында біраз ғылыми еңбектерді қарап, шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми ізденістеріндегі ой-пікірлерін, тұжырымдарын талдап, саралады.

Зерттеу жұмысы тіл біліміндегі өзекті мәселелердің біріне жатады. Қазіргі таңда түр-түс атаулары теориялық-танымдық тұрғыдан біраз зерттелді дедік. Бұл зерттеулерде тіл мен адам санасының тұтастығы қарастырылып, адам санасының жемісі тілдік білім, күрделі ассоциативті-вербалды құрылым, болмысты рух және ой бірлесуіндегі таратушы жүйе болып сипаттауға негізін тапты. Мәселен, диссертант түр-түстің лингвистикалық тұрғыдан зерттелуін жалпы тіл білімінде – Б.Л. Уорф, А.



Мэтьюз, Р. Фрумкина т.б., түркі тілдері әлемінде – А.Н. Кононов, Э.В. Севортян, А.М. Шербак т.б. есімдерімен байланысты қарастырса, қазақ тіл білімінде Ә.Т. Қайдар, М.М.Копыленко, З.К. Ахметжанова, С.Е.Исабеков, Ш.Қ.Жарқынбекова, Н.Н.Аитова, Р.Т.Лауланбекова, Ұ.Б. Серікбаева, т.б. зерттеушілердің еңбектерін, сондай-ақ ағылшын және неміс тілдеріндегі түр-түс компонентті атаулардың тілдік көрінісін, түр-түс атауларының танымдық сипаты және көркем шығармаларда қолданылуын саралаған біраз зерттеушілердің ой-пікірлері мен ғылыми еңбектерін басшылыққа алды, оларды ғылыми жұмыстың әдіснамалық негізі етті.

Қазақ, орыс, ағылшын және неміс ғалымдарының түске, түс атауларына қатысты пікірлері тақырыптың теориялық негізін қалады. Жұмыста ғалымдардың ұстанымдары бір жүйеге келтірілді.

Зерттеу жұмысының өзіндік ғылыми жаңалығы бар. Өйткені бұл еңбекте тұңғыш рет қазақ, ағылшын және неміс тілдеріндегі түр-түс атаулары мен фразалардың мағыналық және танымдық сипатымен бірге лексика-семантикалық өрісі салғастырыла зерттелді.

Зерттеудің мақсат мен міндеттерін жүзеге асыру үшін семантикалық, этнолингвистикалық, компоненттік талдау, жүйелеу, салыстыру, салғастыру, ~~лексика-семантикалық~~ сипаттау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Сонымен зерттеу жұмысының өзіндік ғылыми жаңалығы бар, алған нәтижелеріне келсек, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан тұратын зерттеу жұмысында диссертант төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

- қазақ тілінде түске байланысты қолданылатын *ақ, қара, көк, қызыл, жасыл, сары, қоңыр* сөздерінің ауыспалы мағыналары анықталып, осы түстердің қатысуымен жасалған фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері, мағынасы, қызметі сараланды, тақырыптық жағынан топтастырылды. Түстің атауы қандай да бір халықтың мәдениетімен, дінімен, салт-дәстүрлерімен, тарихи дамуымен байланысты болатындығын диссертант тек «негізгі» түс атауларын ғана емес, сонымен қатар «шеткі» түстерді де қарастырды, олар дәстүрлі мәдениеттің колоративті лексикасының үлкен бөлігін құрайтындығын көрсетіп, перифериядағы түстер этникалық мәдениеттің ұлттық ерекшелігін анық көруге мүмкіндік беретіндігін дәлелдеуге тырысты.

Түр-түс атауларының зерттеліп отырған тілдерде сан жағынан біршама екендігі белгілі. Бірақ олардың барлығы бірдей ауыс мағынада қолданыла бермейді. Зерттеу жұмысының екінші бөлімінде *ақ, қара, көк, жасыл, қызыл, қоңыр, сары* сөздерінің шығу төркіні, тұрақты тіркестер құрамында қолданылу ерекшелігі мен олардың ауыспалы мағыналарына тоқталып, семантикалық өрісіне компоненттік талдау жасады. Түр-түске қатысты сөздердің фразеологизмдер құрамында қолданылуы талданды. "Қазақ, ағылшын, неміс тілдеріндегі негізгі және қосымша түс атауларының мәдениетаралық қатысымдағы семантикасы мен символикасы" деп аталатын 3-ші бөлімде диссертант Ж.Каскатаева түр-түс атауларына қатысты еркін және тұрақты тіркестердің ортақ сипаттары мен айырмашылықтарын, түс атауларының елтанымдық және ұлттық-мәдени ерекшеліктерін қарастырып,

түр-түс атауларының ұлттық-дүниетанымдық құндылықтар көзі екендігін нақты мысалдармен талдап дәлелдеді.

Зерттеу жұмысында тақырыпқа сай тілдік деректер жинастырылып жүйеленді. Диссертациялық жұмыста баяндалған мәселелер әр тақырыпқа сай іріктеліп, талдау жеткілікті мысалдармен қамтылды.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы бар. Зерттеу жұмысы нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын – тіл тарихы, лексикология, фразеология, этнолингвистика, лингвомәдениеттану салаларының теориялық курстарын оқытуда, түрлі элективті курстарды оқуда пайдалануға болады.

Ж.А.Қасқатаеваның «Түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі ортақ және ұлттық ерекшеліктер (қазақ, неміс, ағылшын тілдерінің материалдары негізінде)» деген тақырыпта филология ғылымдарының Ph.D. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын көпшілік алдында қорғауға жіберуге болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесшісі:

академик Е.А.Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті,  
ф.ғ.д., профессор

*Жақ*

Мажитаева Ш.

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

*Мажитаева Ш.*

